

Шетел инвестицияларын тарта отырып Көкшетау облысы Васильковский кен орнында өнеркәсіптің алтын өндіру саласын дамыту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 11 сәуір N 455. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996.01.05. N 17 қаулысымен.

Васильковский қымбат бағалы металдар кен орнын тиімді пайдалануды арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Көкшетау облысы Васильковский кен орнында қымбат бағалы металдар шыгару, өндіру мен ұқсату жөнінде "Пласер Казахстан Лимитед" компаниясының қатысуымен, осы мақсат үшін арнайы құрылған "Пласер Дом Ник" (Канада) фирмасымен және басқа да шетел инвесторларымен бірлескен кәсіпорын құру қажет деп саналсын.

"Пласер Казахстан Лимитед" фирмасының Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығарылған өнімнің 80 (сексен) миллион АҚШ доллары мөлшерінде бонус беру туралы міндеттемелеріне және қымбат бағалы металдар шыгару жөніндегі жоғары технологиялық өндіріс құру үшін кемінде 270 (екі жүз жетпіс) миллион АҚШ долларын инвестициялауға. Васильковский кен орнында экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге байланысты бірлескен кәсіпорын құру үшін шет ел компанияларын таңдау жөніндегі бұрын хабарланған тендерінің күші жойылсын.

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Өнеркәсіп және сауда министрлігімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп 10 күн мерзім ішінде Қазақстан тараپымен бірлескен кәсіпорынның қатысуышыларын айқындасын. Бірлескен кәсіпорынның қазақстандық үлесін иелену, пайдалану және басқару Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне тән деп белгіленсін.

2. Бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі өзара құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Пласер Казахстан Лимитед" компаниясы арасындағы арнаулы келісіммен айқындалатын болып белгіленсін.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары В.Л. Меттеge Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің атынан аталған келісімге қол қою

өкілеттігі берілсін.

3. "Алтын қоры мен алмас қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде Васильковский қымбат бағалы металдар кен орнын игеруге және пайдалануға беруге кеткен шығыстар мен қарыздарды қайтару тәртібін, сондай-ақ оған тиесілі алтынның экспорты бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен немесе бірлескен кәсіпорынның атынан және оның тапсыруы бойынша басқа өкілетті агентпен бірлескен кәсіпорынның кіріс алу тәртібін әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі:

"Пласер Казахстан Лимитед" компаниясы немесе олар жалдаған атқарушылар жүргізген геологиялық-барлау жұмыстарын лицензиялау жөнінде рұқсат құжаттарын дайындасын;

жер қойнауын пайдалануға жасалған шарттарды мемлекеттік тіркеуді және бірлескен кәсіпорын қызметін лицензиялауды қамтамасыз етсін;

жергілікті атқарушы өкімет органдарымен өзара іс-қимыл жасау үшін жер қойнауын геологиялық зерделеу жөнінде жұмыс жүргізу дің белгіленген тәртібі үшін және Көкшетау облысы Васильковский кен орнында қымбат бағалы металдар шығару кезінде жер қойнауын қорғау мен тиімді пайдалану саласындағы ережелер мен нормаларды сақтау үшін бақылау жасауды жүзеге асырын.

5. Көкшетау облысының әкімі бірлескен кәсіпорынның жұмыс істеуіне тиісті жағдай жасау мақсатында осы қаулының жүзеге асуына көмек көрсету, жер боліп беру мен жер пайдалануды бөлу, мемлекеттік өндірістік кәсіпорындар үшін көзделген жағдайларға орай және бағалау бойынша коммуналдық қызмет көрсету мен өзге де қызметтер көрсету

жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру ұсыныс әзірлесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК